

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 маусымдағы N 699 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Мәдениет туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында мәдениетті жасау, өркендету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды мемлекеттік реттеудің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін аттестациялау - мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында өткізілетін рәсім;
- 2) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат - мемлекеттік органдар қабылдайтын, мәдениетті жасауға, өркендетуге, сақтауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға бағытталған шаралар кешені;
- 3) мәдениет саласындағы қызмет - мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың және жеке тұлғалардың мәдени құндылықтарды жасау, өркендету, сақтау, дамыту, тарату және пайдалану, сондай-ақ олардан азаматтардың нәр алуы жөніндегі қызметі;
- 4) мәдениет - адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы;
- 5) Қазақстан Республикасы халқының мәдени мұрасы - мемлекеттік маңызы бар және осыған орай өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз Қазақстан Республикасына біржола тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы;
- 6) мәдени құндылықтар - зайырлы және діни сипаттағы мәдени мұра заттары, сондай-ақ тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени маңызы бар құндылықтар;

7) ұлттық-мәдени игілік - елдің тарихы мен мәдениеті үшін ерекше маңызы бар, Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген мәдени құндылықтар;

8) ұлттық-мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі - тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау, күтіп-ұстау, қалпына келтіру, қорғау және пайдалану жөнінде мемлекет қабылдайтын шаралар;

9) көтермелеудің салалық жүйесі - саланы дамытуға қосқан үлесі үшін мәдениет және өнер қызметкерлерін моральдық ынталандыру нысаны;

10) кәсіби құпия - жария етілуі шығармашыл қызметкердің, ұжымның әрі өзге де жеке және заңды тұлғалардың мүдделеріне не зияткерлік меншігіне зиян келтіруі мүмкін шығармашылық сипаттағы мәліметтер;

11) порнография - жынысқа, жыныстық қатынастарға қатысты әлденені бейнелеудегі әдепсіздік, шектен шыққан ұятсыздық;

12) мәдени қызмет субъектісі - мәдениет саласындағы қызметке қатысатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар;

13) мәдениет саласындағы әлеуметтік мәні бар іс-шаралар - естелік және мерейтой даталарын, мәдениет күндерін, фестивальдарды, байқауларды, конкурстарды, көрмелерді өткізу жөніндегі іс-шаралар және мемлекеттің көрнекті қайраткерлерін республикалық деңгейде және шет елдерде мәңгі есте қалдыру;

14) шығармашыл қызметкер - кәсіби немесе әуесқой шығармашылық қызметін көркем құндылықтарды жасауға, әдебиет пен өнер туындысын қандай тәсілмен немесе қандай нысанда болса да көрсетіп түрлендіруге немесе мәнін ашуға арнаған жеке адам;

15) шығармашылық одақ - мәдениеттің бір немесе бірнеше жанрының кәсіби шығармашыл қызметкерлерінің жеке мүшелігі негізінде құрылатын кәсіби-шығармашылық қоғамдық бірлестіктің түрі;

16) шығармашылық қызмет - көркем құндылықтарды жасауға немесе әдебиет пен өнер шығармаларын кез келген нысанда және кез келген тәсілмен мәнін ашуға (тәржімалауға) бағытталған қызмет;

17) көркем құндылықтар - шығармашылық қызмет нәтижесінде жасалған мәдениет және өнер туындылары;

18) мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2-бап. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) мәдениетті мемлекеттік қолдау, Қазақстан Республикасы азаматтарының мәдениет және мәдени өмірге қатысу саласындағы қызметін жүзеге асыру құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;

2) азаматтардың өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес кәсіби де, сондай-ақ бейкәсіби де (әуесқойлық) негіздегі шығармашылық қызметінің еркіндігі;

3) барлық азаматтардың мәдени құндылықтарды жасаудағы, өркендетудегі, сақтаудағы, дамытудағы, таратудағы және пайдаланудағы құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;

4) Қазақстан халқының тарихи және мәдени мұрасын сақтау, қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту және арттыра түсу үшін құқықтық жағдайлар жасау;

5) тарихи және мәдени мұраны қорғау;

6) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен басқа тұлғалармен шығармашылық одақтарға, өзге де қоғамдық бірлестіктерге бірігу е р к і н д і г і ;

7) балаларды, оқушы жастарды ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтардан нәр алуға, эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеуге ықпал ететін тәрбие жүйесін дамыту;

8) қазақтың ұлттық мәдениетінің тұтастығын сақтау мен өзара байыту факторларының бірі ретінде шет жерлерде тұратын отандастармен мәдени байланыстарды дамыту.

4-бап. Мәдениет саласындағы негізгі міндеттер

Мәдениет саласындағы негізгі міндеттер мыналар болып табылады:

1) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін өркендетуге, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шараларды қабылдау;

3) азаматтарға эстетикалық тәрбие беру үшін жағдайлар жасау;

4) мәдени құндылықтарға еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

5) мәдениет саласында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездікті, зорлық-зомбылық пен порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге жол бермеу жөнінде шаралар қолдану;

6) мәдени құндылықтардың заңсыз әкетілуіне және меншік құқығының басқаға берілуіне тосқауыл қою, оларды кез келген заңсыз иеленуден қайтарып алуға шаралар қ о л д а н у ;

7) мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жағдайлар жасау;

8) азаматтардың ұлттық-мәдени қозғалыстарға қатысу еркіндігін қоса алғанда, олардың өзіндік ұлттық және мәдени даралығын қорғауы мен дамытуы, мәдениет ұйымдарын құруы, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шетелдегі отандастарымен мәдени байланыстарын кеңейтуге қатысуы құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету.

2-тарау. Мәдениет саласындағы мемлекеттік басқару

5-бап. Мәдениет саласындағы қызметті мемлекеттік басқару

1. Мәдениет саласындағы қызметті мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік органдар өз құзыретінің шегінде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мәдениет, сондай-ақ халықаралық мәдени байланыстар саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеп іске асырады;

2) мәдениетті дамытудың салалық бағдарламаларын бекітеді;

3) мәдениет саласындағы қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

4) мәдениет ұйымдарына "Академиялық" мәртебесін берудің тәртібі мен шарттарын бекітеді;

5) мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелердің және мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатындардың ақылы қызметтер көрсету ережелерін айқындайды;

6) Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізудің тәртібі мен шарттарын бекітеді;

7) мәдени құндылықтарды әкелуге және әкетуге рұқсат беру ережелерін бекітеді;

8) мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде шешім қабылдайды.

7-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

1) Салалық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады, Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін дамыту үшін жағдайлар жасайды;

2) мәдениет саласындағы ғылыми бағдарламаларды әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

3) мәдениет ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

4) мәдениет саласында ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді және салааралық

үйлестіруді жүзеге асырады;

5) ұлттық-мәдени игілік объектілерінің ерекше режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының аумағында тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, тұмшалау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі іс-шараларды әзірлеп, ұйымдастырады және Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді;

7) республикалық маңызы бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарының театр, музыка өнерін, кинематографияны, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөніндегі қызметіне қолдау көрсетеді және үйлестіреді, мәдениет саласындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің қызметін қамтамасыз етеді;

8) мәдениет саласында мемлекеттік ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстарды енгізеді;

9) мәдениет саласында әлеуметтік мәні бар іс-шараларды өткізуді жүзеге асырады;

10) мәдениет және өнер қайраткерлеріне Қазақстан Республикасының құрметті атақтарын және мемлекеттік наградаларын беру туралы ұсыныстарды заңдарда белгіленген тәртіппен енгізеді;

11) көтермелеудің салалық жүйесін әзірлейді және бекітеді;

12) шығармашылық қызметтің түрлі салаларындағы Ұлттық (Республикалық) және халықаралық конкурстарды, сыйлықтар мен жүлделерді тағайындайды;

13) ведомствоға қарасты мемлекеттік мәдениет ұйымдарының жанрға қатыстылығы мен қызметінің тегін айқындайды;

14) мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің санаттарына қойылатын үлгідегі біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

15) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін аттестациялау ережелерін бекітеді;

16) республикалық мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлеріне аттестация жүргізеді;

17) халықаралық мәдени ынтымақтастық саласындағы қызметті жүзеге асырады және үйлестіреді;

18) шығармашыл қызметкердің мәртебесін айғақтайтын сертификатты беру тәртібін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасының мұражай қорын қалыптастыру мен ұстау тәртібін бекітеді;

20) көркемдік-сарапшы кеңестер туралы ережені бекітеді;

21) мәдени құндылықтарды уақытша әкелуге және әкетуге белгіленген тәртіппен рұқсат береді;

22) мәдени құндылықтарды әкелу және әкету жөніндегі сарапшы комиссия туралы ережені бекітеді.

8-бап. Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органның құзыреті

Облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы орган:

1) мәдениет саласында өңірлік даму бағдарламаларын әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) театр, музыка және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі саласындағы мемлекеттік мәдениет ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады, таратады, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) театр, музыка және кино өнерін, кітапхана және мұражай ісін дамыту жөніндегі мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметіне қолдау жасайды, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәдениет саласындағы мемлекеттік мекемелерінің қызметін қамтамасыз етеді;

4) шығармашылық қызметтің түрлі салаларында облыстық (өңірлік) байқаулар мен конкурстарды ұйымдастырады;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мәні бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау, тұмшалау және қалпына келтіру, сондай-ақ пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) статистикалық байқаулар жүргізеді және мәдениет саласындағы уәкілетті органға белгіленген нысандағы статистикалық есептерді табыс етеді;

7) облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) деңгейде сауықтық мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізуді жүзеге асырады;

8) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлеріне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестация жүргізеді;

9) мәдениет саласындағы мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруды өз құзыретінің шегінде жүзеге асырады.

9-бап. Аудандық (қалалық) атқарушы органның құзыреті

Аудандық (қалалық) атқарушы орган:

1) театр, музыка және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени демалыс жұмысы саласындағы аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік мәдениет мекемелерін құрады, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

2) жергілікті маңызы бар тарих, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін есепке алу, қорғау және пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) аудандық (қалалық) деңгейде сауықтық мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізуді, сондай-ақ әуесқой шығармашыл бірлестіктер арасында байқаулар мен конкурстар өткізуді жүзеге асырады;

4) статистикалық байқаулар жүргізеді және облыстық (республикалық маңызы бар

қаланың, астананың) атқарушы органға белгіленген нысандағы статистикалық е с е п т е р д і т а б ы с е т е д і ;

5) аудандық (қалалық) маңызы бар мемлекеттік мәдениет ұйымдарының қызметкерлеріне уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестация жүргізеді;

6) мәдениет саласындағы мемлекеттік коммуналдық меншікті басқаруды өз құзыретінің шегінде жүзеге асырады.

3-тарау. Азаматтардың мәдениет саласындағы құқықтары мен міндеттері

10-бап. Азаматтардың мәдениет саласындағы шығармашылық қызметке құқықтары

1. Азаматтардың өз қабілеттеріне сай оны жұмсау саласын, іске асыру мен кәсіби білім алу нысандарын дербес таңдауы арқылы шығармашылық қызметпен айналысуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

Шығармашылық қызметпен айналысу кәсіби негізде де, бейкәсіби (әуесқой) негізде де жү з е г е а с ы р ы л у ы м ү м к і н .

2. Азаматтарға мәдени құндылықтардан нәр алу құқығы қамтамасыз етіледі. Бұл құқықтың шектелуі тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдаланудың ерекше режиміне байланысты ғана белгіленуі мүмкін.

3. Кәсіби және бейкәсіби (әуесқой) шығармашыл қызметкерлер авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында, зияткерлік меншік, кәсіби құпияларды қорғау, өз еңбегінің нәтижелеріне иелік ету еркіндігі, мемлекеттің қолдауы құқықтарына тең қ ұ қ ы л ы .

Азаматтардың кәсіби және бейкәсіби (әуесқой) шығармашылық қызметі ұжымдық немесе дербес негізде жүзеге асырылады.

4. Азаматтар мәдениет саласындағы өзге де құқықтарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес пайдаланады.

11-бап. Азаматтардың мәдениет саласындағы міндеттері

А з а м а т т а р :

1) Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы заңдарының талаптарын с а қ т а у ғ а ;

2) тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарих және мәдениет ескерткіштерін к ү т і п - ұ с т а у ғ а ;

3) Қазақстан халықтарының тілін, мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеуге міндетті.

4-тарау. Шығармашыл қызметкерлердің, шығармашылық одақтардың және бейкәсіби (әуесқой) шығармашылық бірлестіктердің құқықтық мәртебесі

12-бап. Шығармашыл қызметкер

1. Шығармашылық одаққа мүше шығармашыл қызметкердің мәртебесін өзінің жарғылық құжаттарына сәйкес осы одақ куәландырады.

2. Шығармашылық одақтарға мүше емес шығармашыл қызметкердің мәртебесі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен берілетін сертификатпен куәландырылады.

3. Шығармашыл қызметкердің сертификатын алуға негіз үміткердің шығармашылық қызметі болып табылады.

13-бап. Шығармашыл қызметкердің құқықтары мен міндеттері

1. Шығармашыл қызметкер:

1) кәсіби құпияны қорғау;

2) өз қызметіне үшінші адамдарды тарту;

3) мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға қатысу;

4) шығармашылық және кәсіби мүдделері бойынша қоғамдық бірлестіктерге, қауымдастықтарға және одақтарға кіру;

5) шығармашылық қызметін жүзеге асыру үшін мұрағаттарға, кітапханаларға, мұражайлар мен басқа да мәдениет ұйымдарына қол жеткізу құқығын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес барлық құқықтарды пайдаланады.

2. Шығармашыл қызметкер шығармашылық қызметін жүзеге асыруда Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын сақтауға міндетті.

14-бап. Шығармашыл қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесі

1. Қызметі зиянды өндіріспен, асқан тәуекелмен және кәсіптік ауруларға шалдығу қатерлерімен байланысты шығармашыл қызметкерлерді әлеуметтік қорғау және сақтандыру, сондай-ақ оларды зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіпте және жағдайларда жүргізіледі.

2. Құрметті атақтар мен мемлекеттік наградаларға ие болған шығармашыл қызметкерлерді, сондай-ақ аса дарынды жас шығармашыл қызметкерлерді мемлекеттік қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мәдениет саласында мемлекеттік стипендиялар тағайындалады.

15-бап. Шығармашылық одақтар

1. Бірлескен күш-жігерді талап ететін мәдениет саласындағы шығармашылық қызметті жүзеге асыру үшін еріктілік негізінде шығармашыл қызметкерлерден құралатын шығармашылық одақтар құрылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасында республикалық, өңірлік және жергілікті шығармашылық одақтар құрылып, жұмыс істей алады.

3. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қызметін жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан астамының аумағында құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар шығармашылық одақ республикалық деп танылады.

4. Қазақстан Республикасы облыстарының кемінде жартысының аумағында құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) бар шығармашылық одақтар өңірлік деп танылады.

5. Қызметін бір облыстың аумағында жүзеге асыратын шығармашылық одақтар жергілікті шығармашылық одақтар деп танылады.

6. Шығармашылық одақтардың халықаралық шығармашылық ұйымдармен қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ халықаралық шарттарымен реттеледі.

7. Шығармашылық одақтарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16-бап. Шығармашылық одаққа мүшелік

1. Шығармашылық одақтың жарғысында белгіленген талаптарға сай келетін шығармашыл қызметкер шығармашылық одаққа кіру құқығына ие болады.

2. Шығармашылық одақтың жарғысында үміткерлерге және мүшелерге қойылатын талаптар азаматтардың мүлдікті және мүлдікті емес құқықтарына нұқсан келтірмеуге, олардың құрамына тиісті шығармашылық кәсіптердің неғұрлым білікті өкілдерінің бірігуіне ықпал етуге, олардың кәсіби және шығармашылық өсуін ынталандыруға тиіс.

17-бап. Бейкәсіби (әуесқой) шығармашылық бірлестіктер мен ұжымдар

Бейкәсіби (әуесқой) шығармашылық бірлестіктер мен ұжымдар азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, мәдениет ұйымдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бастамасы бойынша құрылады және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс істейді.

5-тарау. Мәдениет саласындағы қызмет

18-бап. Мәдениет саласындағы қызметті ұйымдастыру

Мәдениет саласындағы қызмет театрлардың, филармониялардың, оркестрлердің, студиялардың, мектептердің, шеберханалардың, орындаушылық ұжымдардың, мұражайлардың, кітапханалардың, көркемөнер салондары мен галереяларының, кинотеатрлардың және киноқондырғылардың, мәдени-ағарту ұйымдарының, зерттеу және қалпына келтіру орталықтарының, мәдени-тарихи орталықтардың, мәдени-тарихи және табиғи қорықтардың, өңірлердің және басқа да мәдениет ұйымдарының жұмыс

істеуін қамтамасыз ету жолымен жеке және заңды тұлғалардың мәдени құндылықтарды жасауы, насихаттауы, таратуы, пайдалануға беруі және қорғауы арқылы жүзеге асырылады.

19-бап. Мәдениет ұйымдары

1. Мәдениет саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар мәдениет ұйымдары болып табылады.

2. Мәдениет ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

3. Мәдениет ұйымдары қызметінің түрлерін олардың құрылтайшылары айқындайды және жарғыларында көрініс табады.

4. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын мәдениет ұйымдары: мемлекеттік, беймемлекеттік, коммерциялық, коммерциялық емес және халықаралық болуы мүмкін.

5. Республикалық деңгейдегі мемлекеттік мәдениет ұйымдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде құрылады, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) мемлекеттік мәдениет ұйымдары тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті атқарушы органдарының шешімімен құрылады.

20-бап. Мәдениет ұйымдарының мәртебесі

1. Мәдениет саласындағы қызметі мемлекеттік және қоғамдық айрықша мәнге ие мемлекеттік мәдениет ұйымдарына, жекелеген көркемөнер, шығармашылық ұжымдарына "Ұлттық" мәртебесі берілуі мүмкін.

"Ұлттық" мәртебесін берудің тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

2. Өз саласында жетекші болып табылатын жекелеген кәсіби көркемөнер және шығармашылық ұжымдарына ұлттық мәдениет пен өнерді қалыптастыруға, дамыту мен насихаттауға қосқан елеулі үлесі үшін "Академиялық" мәртебесі беріледі.

"Академиялық" мәртебесін берудің тәртібі мен талаптарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. "Ұлттық" және "Академиялық" мәртебесі берілген мемлекеттік мәдениет ұйымдары жекешелендіруге жатпайды.

21-бап. Театрлар

1. Театрлар - әдебиет және өнер туындыларының сахналық көріністерін (драмалық, музыкалық-драмалық, музыкалық, хореографиялық, қуыршақ, пантомимо, сатира және юмор, балалар мен жасөспірімдер үшін, жастар, эксперименттік және өзгелері) қоятын сауықтық ұйымдар.

2. Театрлар меншік нысанына қарамастан көркемдік бағыттарды, репертуарды тандауда, әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындау туралы шешімдер қабылдауда, сахна туындыларын жасау мен көпшілікке таныстыруда,

сондай-ақ шығармашылық және өндірістік тиімді даму үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруда т а у е л с і з .

3. Республика азаматтарын мәдени өмір саласына тарту мақсатында мемлекеттік театрларға мемлекеттік бюджеттен республика халқының барлық жіктерінің театрдағы іс-шараларына қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетулерді ұсынумен байланысты шығындарды жабуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен субсидиялар бөлінеді.

22-бап. Концерттік ұйымдар

1. Концерттік ұйымдар - әдебиет және өнер туындыларын көпшілік алдында орындауға және көркемөнер ұжымдары мен жекелеген орындаушыларды көпшілікке танытуға жағдайлар жасау үшін шаралар кешенін іске асыратын сауықтық ұйымдар.

2. Концерттік ұйымдардың негізгі міндеттері музыкалық-эстетикалық тәрбие беру, көркемдігі жоғары бағдарламалар мен нөмірлер әзірлеу үшін жағдайларды қамтамасыз ету, кәсіби көркемөнерпаздар ұжымдары мен жекелеген орындаушылардың концерттерін ұйымдастыру, музыкалық-ағартушылық қызметті жүзеге асыру болып т а б ы л а д ы .

3. Концерттік ұйымдар шығармашылық бағдарламаларды жүргізуде және репертуар т а ң д а у д а дер б е с б о л а д ы .

4. Республика азаматтарын мәдени өмір саласына тарту мақсатында мемлекеттік концерттік ұйымдарға мемлекеттік бюджеттен республика халқының барлық жіктерінің концерттік іс-шараларға қол жеткізуін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет көрсетулерді ұсынумен, классикалық, халықтық, музыкалық және хореографиялық өнерді насихаттаумен байланысты шығындарды жабуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен субсидиялар бөлінеді.

23-бап. Кітапхана ісі

1. Кітапхана ісі - міндеттеріне кітапханалар желісін құру мен дамыту, олардың қорларын түзу мен өңдеу, кітапхананы пайдаланушыларға кітапхана қызметін, ақпараттық және ақпараттық-библиографиялық қызметті көрсетуді ұйымдастыру, кітапхана мамандарын даярлау мен олардың біліктілігін арттыру, кітапханаларды дамытуды ғылыми және әдістемелік қамтамасыз ету кіретін мәдениет саласы.

2. Кітапхана - ақпараттық, мәдени, білім беру функцияларын орындайтын, баспа және қолжазба құжаттарының ұйымдастырылған қоры бар, сондай-ақ графикалық, дыбыс-көрініс материалдары, электрондық тасығыштардағы құжаттары бар әрі оларды жеке және заңды тұлғаларға уақытша пайдалануға беретін мекеме.

3. Мемлекеттік кітапханалар олардың негізгі қызметіне қатысы жоқ, олар үшін ақы алу міндетті сипатқа ие болмайтын әрі жеке және заңды тұлғаның келісімі бойынша айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге құқылы. Мұндай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақша мемлекеттік

кітапхананың иелігінде қалуға тиіс.

Мемлекеттік кітапханалардың негізгі қызметіне қатысы жоқ тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден қаражаттың түсуі мен пайдаланылуы тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Кітапхана ісі, сондай-ақ ұлттық мәдени мұраның бір бөлігі ретінде кітапхана қорларын сақтауға, пайдалануға байланысты мәселелер уәкілетті орган белгілеген тәртіппен реттеледі.

24-бап. Мұражайлар

1. Мұражайлар - мұражай экспонаттары мен мұражай коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке ұсыну үшін құрылған, мәдени, білім беру мен ғылыми функцияларды жүзеге асыруға және материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін зерделеуді, есепке алуды, сақтауды және көпшілікке таныстыруды қамтамасыз етуге бағытталған мәдениет ұйымдары.

2. Қазақстан Республикасының аумағында тарихи, ғылыми, мәдени және көркемдік ерекше мәні бар тарихи-мәдени және табиғи қорықтар, қорық-мұражайлар, жылжымайтын тарихи-мәдени құндылықтар ансамбльдері мен кешендері құрылуы м ү м к і н .

Тарихи, ғылыми, мәдени және көркемдік ерекше мәні бар тарихи-мәдени және табиғи қорықтардың, қорық-мұражайлардың, жылжымайтын тарихи-мәдени құндылықтар ансамбльдері мен кешендерінің мәртебесі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен айқындалады.

3. Мұражай экспонаттары мен мұражай коллекциялары мұражай қорының құрамына қосылады және елдің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік мұражайлардан мұражай экспонаттарын жеке меншікке беруге тыйым салынады .

4. Мемлекеттік мұражай-қорықтар олардың негізгі қызметіне қатысы жоқ, олар үшін ақы алу міндетті сипатқа ие болмайтын әрі жеке және заңды тұлғаның келісімі бойынша айқындалатын тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуге құқылы. Мұндай тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақша мемлекеттік мұражай-қорықтардың иелігінде қалуға тиіс.

Мемлекеттік мұражай-қорықтардың негізгі қызметіне қатысы жоқ тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден қаражаттың түсуі мен пайдаланылуы тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5. Мұражайдың сақтау қоймасындағы мұражай экспонаттары мен мұражай коллекцияларына қолжетімділіктің тәртібі мен шарттары және мұражай ісі саласындағы басқа да қатынастар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен реттеледі.

6. Тарихи-мәдени құндылықтарды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік мұражайларға мемлекеттік бюджеттен тарихи-мәдени құндылықтардың сақталуын, есепке алынуын, жинақталуын және қалпына келтірілуін қамтамасыз

етумен байланысты шығындарды жабуға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен субсидиялар бөлінеді.

25-бап. Мәдени демалыс ұйымдары

1. Мәдени демалыс ұйымдары - қызметі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен реттелетін күнделікті қарым-қатынас жасау (клубтар, мәдениет және демалыс саябақтары, мәдениет үйлері мен сарайлары және басқалар), жеке тұлғаны дамыту, халықтың көркемөнерпаз шығармашылығы орталықтары.

2. Мәдени демалыс ұйымдарының негізгі міндеті халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

3. Халыққа мәдени қызмет көрсетудің ең төменгі көлемін мұндай тарату қамтамасыз ете алмайтын болса, бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мәдени демалыс ұйымдарын таратуға жол берілмейді.

26-бап. Кинематография

1. Кинематография - шығармашылық, ғылыми, өндірістік, білім беру қызметінің түрлерін біріктіретін, кез келген нысандағы және түрлі жанрдағы дыбыс-көрініс туындыларын жасауға бағытталған мәдениет саласы.

2. Кинематографияны мемлекеттік қолдаудың негізгі шаралары:

- 1) отандық фильмдердің барлық түрлері мен жанрларын жасауға;
- 2) кинематографияның материалдық-техникалық базасын сақтауға және дамытуға;
- 3) отандық фильмдердің өндірісіне, таралымына және өткізілуіне жағдайлар ж а с а у ғ а ;

- 4) кинофестивальдарды және басқа да іс-шараларды өткізуге;
- 5) кинематографистердің халықаралық ұйымдарына, сондай-ақ фестивальдар мен конкурстарға қатысуға және оларда өкілдік етуге бағытталған.

3. Қазақстан Республикасында кино өндірісінің негізін басты міндеті алуан түрлі және түрлі жанрдағы отандық фильмдерді жасау, шығару, тарату, өткізу болып табылатын кинематографиялық ұйымдар құрайды.

4. Кинематографияны ұйымдастырудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңымен реттеледі.

27-бап. Шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың гастрольдік қызметі

1. Қазақстан Республикасының аумағында шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың гастрольдік қызметі шарт негізінде жүзеге асырылады.

2. Шетелдік гастрольдерді авторлық және сабақтас құқықтардың сақталуын қамтамасыз ететін шарттардың негізінде шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушылар өткізеді.

28-бап. Халықтық көркемөнер кәсіпшіліктері

1. Халықтық көркемөнер кәсіпшілігі - халық шығармашылығы түрлерінің бірі, халықтық көркемөнер кәсіпшілігі шеберлерінің шығармашылық қол еңбегі және (

немесе) механикаландырылған еңбегі барысында белгілі бір жердегі халықтық өнер дәстүрлерін ұжымдық игеру және сабақтастықпен дамыту негізінде жүзеге асырылатын, әсемдік мақсатындағы көркемөнер бұйымдарын жасау жөніндегі қызмет.

2. Бұйымдарды халықтық көркемөнер кәсіпшілігі бұйымдарына жатқызу халықтық көркемөнер кәсіпшілігі жөніндегі көркемдік-сарапшы кеңестердің қорытындыларының негізінде жүзеге асырылады.

3. Халықтық көркемөнер кәсіпшілігі саласындағы қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қорғалады.

6-тарау. Мәдени құндылықтар және ұлттық-мәдени игілік

29-бап. Мәдени құндылықтар

Мәдени құндылықтарға мыналар жатады:

- 1) археологиялық олжалар (кәдімгі және құпияларын қоса алғанда) және археологиялық жаңалықтар;
- 2) сирек коллекциялар және өсімдіктер мен жан-жануарлардың, минералогияның, анатомияның үлгілері және палеонтология үшін қызығушылық тудыратын заттар;
- 3) ғылым мен техниканың тарихын, соғыстар мен қоғамның тарихын қоса алғанда тарихқа қатысты, сондай-ақ ғылымдағы, мәдениет пен өнердегі ұлт қайраткерлерінің, ойшылдардың, ғалымдардың және артистердің өмірімен және айтулы ұлттық оқиғалармен байланысты құндылықтар;
- 4) аса қызығушылық тудыратын (тарихи, көркем, ғылыми, әдеби) жеке немесе коллекциялардағы сирек қолжазбалар, көне кітаптар, құжаттар мен басылымдар;
- 5) сәулет және археология ескерткіштері, мемориалдық қорымдар, сондай-ақ мәдениет қайраткерлерінің өмірімен не айтулы тарихи оқиғалармен және көрнекті тұлғалармен байланысты саябақ және табиғи-ландшафт объектілері;
- 6) жеке немесе коллекциялардағы пошта маркалары, салық маркалары және соған ұқсас маркалар;
- 7) тиындар, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;
- 8) көне және қайталанбас музыкалық аспаптар;
- 9) дыбыс-, фото-, бейне-, кино мұрағаттарын қоса алғанда, мұрағаттар, мұрағат қорлары мен коллекциялар, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттама;
- 10) тарихи-мәдени маңызы бар өнер туындылары;
- 11) этнографиялық, антропологиялық және палеонтологиялық материалдар;
- 12) жүз жылдан астам уақыт өткен көне заттар;
- 13) Қазақстан Республикасы халықтарының өміріндегі тарихи оқиғалармен, қоғамның және мемлекеттің дамуымен, ғылым мен техниканың тарихымен, сондай-ақ көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет қайраткерлерінің өмірімен байланысты объектілер

, соның ішінде мұражай заттары және мұражай коллекциялары;
14) этнологиялық материалдар;

15) кез келген негізге және кез келген материалға қолмен салынған полотнолар, картиналар және суреттер түріндегі көркемдік құндылықтар (сызбалар мен өнеркәсіп бұйымдарын, қолдан жасалған әсемдік заттарын қоспағанда);

16) мүсін өнерінің кез келген материалдан жасалған бірегей туындылары;

17) бірегей гравюралар, эстамптар мен литографиялар;

18) бөлшектенген көркем және тарихи ескерткіштер мен археологиялық орындардың құрамдас бөліктері.

30-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімі

1. Мәдени мұраны сақтау мақсатында осы Заңның 30-бабында аталған аса құндылыққа ие объектілер Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі - Мемлекеттік тізілім) енгізіледі. Мемлекеттік тізілімге енгізілген мәдени мұра объектілері ұлттық-мәдени игілік объектілері болып табылады.

2. Мемлекеттік тізілімді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен уәкілетті орган жүргізеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ ескерткіштерді (тарихи, археологиялық, сәулет және басқа) зерттеумен айналысатын зерттеу ұйымдары Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын объектілер туралы мәліметтерді беруге міндетті. Жаңа объектілер мен заттардың анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар жаңа ақпарат табыс етіледі.

4. Мемлекеттік тізілімге объектілерді енгізу туралы азаматтар мен ұйымдардың өтінімдері уәкілетті органның қарауы үшін міндетті болып табылады. Аталған өтінімдердің берілуі мәселенің мәні бойынша шешілгенге дейін мұндай объектілерге пайдаланудың ерекше режимін уақытша, бірақ екі айдан аспайтын мерзімге беру үшін негіз болып табылады.

31-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерін пайдаланудың ерекше режимі

1. Кешенімен айрықша көркемдік немесе тарихи қызығушылық туғызатын коллекциялар немесе заттардың жиынтығы бөлшектеніп бөлінбейді.

Мемлекеттік тізілімге енгізілген ұлттық-мәдени игілік объектілерін уәкілетті органның әрбір нақты объект бойынша өздері құратын сарапшы комиссия ұсынымының негізінде берілетін арнайы рұқсатынсыз жоюға, орнын ауыстыруға, өзгертуге, түрлендіруге немесе қалпына келтіруге жол берілмейді.

2. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің тарихи, көркемдік және діни тұрғыдағы мақсатына сәйкес келмейтін қандай да бір түрде пайдалануға жол берілмейді. Діни-ғибадат ұйымдарына тиесілі және ұлттық-мәдени игілік объектілері болып табылатын заттар оларға ғибадат етушілік ескеріле отырып пайдаланылуы мүмкін.

3. Ұлттық-мәдени игіліктің ерекше режимі шығармаларға оның авторының (

авторларының) көзі тірісінде және ол (олар) қайтыс болғаннан кейін елу жыл ішінде қолданылмайды.

4. Сәулет ескерткіштерін пайдаланудың басым құқығы мәдениет мекемелеріне тиесілі.

5. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің жай-күйін және сақталуын тиісінше ұстап-күту жөніндегі міндеттер олардың пайдаланушыларына немесе жеке иелеріне жүктеледі. Аталған міндеттің сақталмауы берілген құқықты сот тәртібімен өтеулі негізде алып қоюға әкеліп соғады. Меншік иелері мен пайдаланушыларда ұлттық-мәдени игілік объектілерін күтіп-ұстауға материалдық немесе өзге де мүмкіндіктер болмаған жағдайда шығыстарды мемлекет өзіне алады.

Ұлттық-мәдени игіліктің жеке иесінің құқығын іске асыру Қазақстан Республикасының заңында белгіленген бақылауда және тәртіпте, Қазақстан Республикасының ұлттық-мәдени игілік объектілері сатылған жағдайда оларды мемлекеттің сатып алуының басым құқығымен жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік меншіктегі ұлттық-мәдени игілік объектілері жекешелендіруге жатпайды.

7. Ұлттық-мәдени игілік объектілері мен заттарын қасақана жойғаны, бұзғаны немесе бүлдіргені үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

32-бап. Мәдени құндылықтарды әкелу және әкету

1. Мәдени құндылықтарды және ұлттық-мәдени игіліктер объектілерін уақытша экспозиция, гастрольдік қызмет, қалпына келтіру жұмыстары және ғылыми зерттеулерді, тұсаукесерлерді, көрмелерді және халықаралық мәдени шараларды өткізу жағдайларын, сондай-ақ осы Заңда белгіленген өзге де жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге әкетуге тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге заңсыз әкетілген және оның аумағына заңсыз әкелінген мәдени құндылықтар мен ұлттық-мәдени игілік объектілері міндетті түрде қайтарылуға жатады. Бұл ретте заңсыз әкетіліп қайтарылған, сондай-ақ соттың шешімімен тәркіленген мәдени құндылықтар республикалық маңызы бар тиісті бейіндегі мемлекеттік мұражайларға тапсырылуға тиіс.

3. Автордың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша немесе тұрғылықты тұруға кетіп бара жатқанына қарамастан, өзі жасаған мәдени құндылықтарды әкетуге құқығы бар.

4. Мәдени құндылықтарды әкелу және әкету ережелері шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында жасаған объектілеріне де қолданылады.

5. Мәдени құндылықтарды уақытша әкетуді заттардың заңды меншік иесінің ғана не оған меншік иесі уәкілеттік берген адамның жүзеге асыруына болады.

6. Мәдени құндылықтарды уақытша әкеткен кезде заңды тұлғалар әкетілетін

заттарға деген меншік құқығын құжаттамамен растауы қажет.

7. Меншік иелерінің мәдени құндылықтарды иеленуі, пайдалануы және оларға билік етуі жөніндегі құқықтық күшін табыстауына, сондай-ақ бұл іс-қимыл мәдени құндылықтарды заңсыз әкетуге және әкелуге ықпал ететін болса, мәдени құндылықтарды сатуға жол берілмейді.

33-бап. Мәдени құндылықтарды уақытша әкетудің тәртібі мен шарттары

1. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету, сондай-ақ оны қайтару мәдени құндылықтарды уақытша әкету және әкелу жөніндегі сарапшы комиссия жүргізетін сараптама негізінде жүзеге асырылады.

2. Мәдени құндылықтарды уақытша әкету мүмкіндігі туралы шешім қабылданған кезде уәкілетті орган аталған құндылықтарды Қазақстан Республикасының кедендік және мемлекеттік шекарасы арқылы өткізуге негіз болып табылатын мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік береді.

3. Мәдени құндылықтардың елден тыс жерлерде болу мерзімінің алты айдан асуына б о л м а й д ы .

4. Елден тыс жерлерге әкетілетін мәдени құндылықтарға, сондай-ақ оларды кері әкелген кезде сараптама жасау Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

7-тарау. Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық

34-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы шығармашылық ұжымдарды, мамандарды және студенттерді, мәдени құндылықтарды және мәдениет саласындағы қызмет нәтижелерін алмасуды, сондай-ақ мәдениеттің түрлі салаларындағы ұйымдастыру қызметіндегі тәжірибе алмасуды қоса алғанда, мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдеседі.

35-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ұйымдарға қатысу

1. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық коммерциялық емес мәдени бірлестіктердің филиалдары және басқа да өкілдіктері Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес құрыла алады.

2. Мәдениет ұйымдарының Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес және оның құрылтай құжаттарында айқындалатын тәртіппен осы баптың 1-тармағында аталған бірлестіктерге кіруіне, сондай-ақ мақсатты қайырымдылық түсімдеріне билік етуіне құқығы бар.

8-тарау. Қорытынды ережелер

36-бап. Мәдениет саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

37-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. "Мәдениет туралы" 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 22, 406-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК